

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE ҒYLYM MINISTRLOGI  
Ó. SULTANGAZIN ATYNDAGY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGIKALYQ ÝNIVERSITETI



**«Sultangazin oqylary» I-shi Halyqaralyq  
ǵylymi-praktikalyq konferensiasynyŋ  
MATERIALDARY**

**17-18 мамыр 2019**

**МАТЕРИАЛЫ  
I-ой Международной научно-практической  
конференции «Султангазинские чтения»**

**17-18 мая 2019**

**MATERIALS  
of the I<sup>st</sup> International scientific and practical  
conference «Sultangazin readings»**

**May 17-18, 2019**

**Qostanai, 2019**

ӘОЖ 378 (094)  
КБЖ 74.58  
С 89

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

**Бас редактор**

*Әбіл Еркін Аманжолұлы*  
тарих ғылымдарының докторы, профессор

**Бас редактордың орынбасарлары:**

*Медетов Нурлан Амирович*  
физика-математика ғылымдарының докторы  
*Ташетов Аманжол Аскарович*  
PhD докторы

**Редакциялық алқа мүшелері:**

*Утегенова Бибикуль Мазановна*  
педагогикалық ғылымдар кандидаты, доцент  
*Евдокимова Ольга Николаевна*  
педагогикалық ғылымдар кандидаты  
*Балгабаева Гаухар Зкрияновна*  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент  
*Жумабаев Канат Аканович*  
кандидат экономических наук  
*Бобренко Марина Александровна*  
*Сатбаева Муснай Тулегеновна*  
*Жиенбаева Аида Аманжолқызы*

С 89 «Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. = Материалы международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения». = Materials of the international scientific and practical conference on «Sultangazin readings». – Қостанай, 2019.

**ISBN 978-601-7934-72-9**

«Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жинағында білім беру жүйесін дамыту мен кадрларды даярлаудың ғылыми әлеуетін арттыру, қоғамды дамытудың маңызды мәселелері және «Мәңгілік Ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру жайында зерттеулер жарық көрді.

В материалах международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения» опубликованы исследования актуальных вопросов развития системы образования и научного потенциала подготовки кадров, общества и реализации основных принципов программы «Мәңгілік ел».

The materials of the international scientific-practical conference «Sultangazin Readings» are devoted to studies of topical issues of the development of the education system and the scientific potential of personnel training, society and the implementation of the basic principles of the program «Мәңгілік ел»

**ӘОЖ 378 (094)**  
**КБЖ 74.58**

*Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің*  
*Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған*

*Жинақта ұсынылған мақалалардың мазмұны үшін жеке автор(лар) жауапты*

**ISBN 978-601-7934-72-9**

© Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай  
мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

**КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ  
ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУДЫ ОҚЫТУ САБАҒЫНДА  
МОНОЛОГТІК СӨЙЛЕУІН ДАМУЫ**

*Development of monologue speech on the lessons of reading  
for the children of midchildhood with retarded mental development*

**А.К. Нурова<sup>1</sup>, И.Б. Куанышбаева<sup>2</sup>**  
*A.K. Nurova<sup>1</sup>, I.B. Kuanyshbaeva<sup>2</sup>*

<sup>12</sup>Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Қостанай, Қазақстан, *nurova.asemgul@mail.ru*

**Аннотация**

Бұл мақалада кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың монологтік сөйлеу ерекшеліктері талданады және оны оқуды оқыту сабағында дамытудың тиімді тәсілдері көрсетілген.

**Abstract**

The paper analyzes the features of monologues of primary school students with mental retardation and the effective ways of their development on the lessons of reading.

*Кілт сөздер:* психикалық даму тежелуі, танымдық ерекшеліктер, монологтік сөйлеу, сөйлеудің дамымаушылығы.

*Key words:* mental retardation, cognitive process, monologues, speech hypoplasia.

Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған топтары бар мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде және бастауыш сыныптарда түзету-тәрбие жұмысының негізгі міндеттерінің бірі монологтік сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Өйткені, бұл санаттағы оқушыларда сөздік қоры кедейленген, өз ойларын айта алмауы, монологтік сөйлеуді қалыптастыруда бұзышылықтар көп кездеседі. Бұл тек оқуда ғана емес, сонымен қатар осындай балалардың жалпы дамуында да белгілі бір қиындықтар туғызады. Монологтік сөйлеуін дамытуда оқуды оқыту сабағының маңызы өте үлкен, себебі, құзыреттілігін қалыптастыру үшін қажетті тілдік материалдың ең көп саны осы пәнде қамтылған.

Психикалық дамудың тежелуінің негізгі ерекшелігі – баланың психикалық әрекетінің қалыптасуының бірқалыпты болмауы. Инфантильді балалар өзінің құрдастарынан жас, олардың ойлары да тұрақсыз болады. Олардың ми қабілеті де тәулік бойына өзгереді. Кейде сабақтың аяғына таман немесе шаршаған уақыттарда болады. Бұл балаларға тән ерекшелік зейіні мен жұмыс қабілетінің ең төменгі деңгейде болуы. Кейбір балаларда іс-әрекеттің басында зейіндері жоғары болады да, ал кейін төмендей бастайды. Осы категориялардағы балаларға тән ерекшеліктер; ұзақ мерзімді есте сақтауы мен қысқа мерзімді есте сақтауының төмендеуі, есте сақтауының беріктілігінің жетіспеуі, сондай-ақ интеллектуальдық белсенділігінің төмендеуі. Балалардың психикалық процестерінің осы және басқа да көптеген ерекшеліктері олардың сөйлеу тілінің жай-күйі мен даму барысына елеулі әсер етеді [1].

Осы санаттағы балалардың танымдық сферасының ерекшелігіне байланысты тілдік даму ерекшеліктері зерттеудің психологиялық-педагогикалық аспектісінде зерттелді. Психикалық дамуы тежелген бар балалардың көпшілігінде импрессивті, сондай-ақ экспрессивті сөйлеу бұзылыстары бар. Сөйлеу дамуының ерекшеліктерінің бірі олардың тілді меңгерудегі артта қалуы: балалар сөз шығармашылығы кезеңінің кеш пайда болуы, жаңа сөздердің (неологизмдердің) пайда болу кезеңінің кешігуі, сөйлеу белсенділігінің төмендігі, кедейшілік, сөздіктің дифференцияланбауы, грамматикалық құрылымның жеткіліксіз қалыптасуы, сөйлеудің дыбыстық болмысындағы бағдардың төмен деңгейі, сөздің дыбыстық құрылымын әлсіз сезінуі, өз ойларын жеткізуде, сөйлемдерді бірізді және байланысты құрастыруда қиыншылықтар байқалады [2].

Байланысты сөйлеуді дамыту баланы мектепте оқытудың табысты болуының ең маңызды шарты болып табылады. Тек жақсы дамыған, байланысты сөйлей алатын мектеп оқушысы, мектеп бағдарламасының күрделі сұрақтарына толық жауап бере алады, өз ойларын дәйектілікпен және толық, дәлелді және қисынды түрде баяндай алады, оқулықтардан, көркем әдебиет шығармаларынан және халық ауыз әдебиеті шығармаларынан мәтін мазмұнын айта алады. Балаларда байланыстырылған сөйлеуді қалыптастыру бастапқыда күрделі процесс, ал егер психикалық дамудың тежелуі орын алса, ол бірнеше рет күрделене түседі.

Психикалық дамуы тежелген бар балалардың байланыстыра сөйлеу дағдыларын меңгерудегі елеулі қиындықтар жетекші психикалық үдерістердің (қабылдау, ойлау, зейін, есте сақтау, қиял) дамуындағы ауытқуларға байланысты. Сонымен қатар, тілдің айтылу жағынан да, семантикалық жағынан да жеткіліксіз қалыптасуы байланысты монологтік сөйлеуді меңгеруде қосымша қиындықтар туғызады. Психикалық дамуы тежелген балалардың көпшілігі тілдік жүйені кейінірек меңгереді. Диалогтік сөйлеудің қарапайымдылығы қол жетімді және керісінше, олар үшін монологтік сөйлеу күрделі болғандықтан қиынға соғады. Мәтіннің мазмұнын баяндауға тапсырма алған психикалық дамуы тежелген бала үшін маңызды – мәтіннің мазмұнын барынша дәлдікпен жеткізу.

Балалар мәтіннің мазмұнын баяндау үшін қысқа уақытқа мәтіннен қажетті сөздер мен сөз тіркестерді есте сақтайды. Бірақ, осындай мақсатпен ғана жадымен ұсталынған түсініктер баланың активті қорына кірмей-ақ, өте тез «желденеді». Осы санаттағы балалар берілген тақырыпқа жазылған әңгімелерді өз бетімен жеткізе алмайды, сюжеттік сурет бойынша әңгіме құрастыра алмайды, затты сипаттай алмайды. Мәтіндерді қайта баяндаған кезде психикалық дамуы тежелген балалар оқиғалардың логикалық реттілігін беруде қателеседі, жекелеген буындарды өткізеді. Психикалық дамуы тежелген балалардың сөздері бағытталмаған, әдетте олар примитивті грамматикалық құрылымдарды пайдаланады, өз ойын байланысты білдіруде қиындық көреді. Өз ойларын баяндауда, балалар сөйлемдерді, әсіресе қиын сөйлемдерді құрастыруда көп қателіктер жібереді. Тірек сөздерден сөйлемдерді құрған кезде, кейбір балаларда грамматикалық жағынан кемшіліктер пайда болады. Олар оңай бір тақырыптан, басқа өзіне таныс тақырыпқа көшеді. Айта отырып, балалар бір фразаны жиі қайталайды, бұл ішкі сөйлеуді бағдарлау (сөйлеуді жоспарлаудың) және сөйлеуді грамматикалық рәсімдеудің қалыптаспағанын көрсетеді. Дамуында ауытқушылықтары бар балалар құрайтын салалас құрмалас сөйлемдер өте кең, кейбір кезде жиырма шақты сөзден тұрады. Бала пікірді бастап, оны аяқтай алмайды, деген әсер туады. Балалардың сөз қолданыстары тарапынан айтылған пікірлерді талдау, психикалық дамуы тежелген балалардың әңгімелері үшін зат есім, есімдік, үстеу, көмекші сөздер үлесінің артуы тән екенін көрсетті [3].

М.Л. Симкин мен Е.М. Ланина кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген оқушылардың барлық көрсетілген монологтік ерекшеліктері бойынша қорытындысы, осы санаттағы балаларға ішкі бағдарламалаумен және тілдік өнімін грамматикалық құрылымдаумен сипатталатын тілдік қызметтің динамикалық бұзылыстары тән. Бағдарламалау операциясының жетілмегендігі сөйлеу инактивтігінде, сөйлеу сөзін жоспарлау қиындықтарында көрінеді, құрылымдау операциясының жетілмегендігі аграмматизмдердің үлкен санында көрінеді. Л.С. Выготскийдің пікірінше, бағдарламау және грамматикалық құрылымдау – сөйлеуді танымдық үдерістерге жатқызуға мүмкіндік беретін аспектілер, ал контекстік монологтік сөйлеуді меңгеру баланың танымдық дамуымен тығыз байланысты, оның танымдық дамуындағы алға жылжуын анықтайды [4].

Бірқатар авторлардың жұмыстарында (Н.Ю. Борякова, Е.С. Слепович және т.б.) әр түрлі деңгейдегі процесстердің дербестігін бағдарлау және байланысқан сөйлеу пікірлерін тілдік рәсімдеуді талап ететін тапсырмаларды орындаудың ерекшеліктері қарастырылады:

- мазмұндау (мазмұнын айту кезінде дербестік дәрежесі төмен);
- сюжеттік суреттер топтамасы бойынша мазмұндау (бұл жағдайда сюжеттің дамуын көрсететін, сюжеттік суреттер топтамасы мазмұнын айтуды жеңілдетеді);

- сюжеттік сурет бойынша әңгімелеу (бұл тапсырма, алдындағы тапсырмаға қарағанда қиынырақ, себебі, көру тірегі болса да, мағынасы жағынан байланысқан сөйлемдерді бала өз бетінше, дербес құрастырады);

- берілген тақырыпқа өз бетінше әңгіме құрастыру (бұл тапсырманы орындауда дербестік дәрежесі өте жоғары деңгейде, себебі, кез-келген көрнекі тірексіз өз бетінше бағдарлау жүзеге асырылады).

Н.Ю. Борякованың зерттеулері сюжеттік суреттер топтамасы бойынша психикалық даму тежелуі бар балалардың ешқайсысы қалыпты дамыған балалардың қатарына, яғни ең жоғарғы деңгейге жете алмады. Психикалық дамуы тежелген бар балалардың тек 25%-да ересектердің шағын көмегімен (II деңгей) логикалық және дәйекті әңгімелер байқалды. Психикалық дамуы тежелген бар балалардың көбісінің әңгімелері III деңгейде байқалды. Бұл әңгімелер балалардың жекелеген суреттер арасындағы байланысты түсінбегенін, суретте бейнеленген кейіпкерлердің әрекеттерінің себептері мен салдарын орнатылмағанын көрсетті. Әңгіме барысында балалар әңгіменің логикалық бағытын жиі өзгертіп, әңгіменің мазмұнының кейінгі мен алдыңғы бөліктерін сәйкестендіре алмай, негізгі мазмұнын жоғалтты. Балалардың белгілі бір бөлігі әңгімелердің қалыптасу деңгейі бойынша ақыл-есі кем балалардың деңгейіне жақындады: олардың әңгімелерінде суреттердің кейбір объектілері ғана сипатталынды;

Сюжеттік сурет бойынша әңгімелеудің ерекшеліктері (Е.С. Слепович, Н.Ю. Борякованың зерттеулері бойынша). Зерттеулер ПДТ балалардың сюжеттік сурет бойынша әңгімелері қалыпты дамып келе жатқан балалардың әңгімелеріне қарағанда өз деңгейі бойынша айтарлықтай төмен екендігін көрсетті. Психикалық дамуы тежелген бар балалардың сюжеттік суреті бойынша әңгімелер семантикалық толығы мен тілдік безендірілуі бойынша әр түрлі.

Жағдайды толық ұғынуын, дербестік деңгейін және логикалық ерекшеліктерін (байланыстылығын, реттілігін) ескере отырып, Н.Ю. Борякова сюжеттік сурет бойынша балалардың әңгімелерінің төрт деңгейін атап өтті.

I деңгей (ең жоғарғы) тек қалыпты дамыған балаларда ғана байқалды. Балалар суреттегі жағдайдың компоненттерін дұрыс және өз бетінше ерекшелеп, кеңістіктік, себеп-салдарлық қатынастарды орната отырып, жағдайдың белгілі бір моделін құрып, оны әңгімеде көрсетті. Баяндаудың дұрыс реттілігі мен логикасы белгіленді.

Психикалық дамуы тежелген бар балаларда I деңгейдегі әңгімелердің болмауы осы балаларда монологтік сөйлеудің жеткіліксіз қалыптасуын көрсетеді.

Психикалық дамуы тежелген бар балалардың бөлігі II деңгейге жатқызылады. Әңгіме шағын көлеммен, ойдың нақты бағдарламасының болмауымен, жағдайдың мағыналық жағының толық ашылмауымен сипатталды. Бұл деңгейдің әңгімелерінде суретте көрсетілген оқиғалардың мағынасының бұрмалануы байқалмады. Алайда балалар жағдайдың жекелеген компоненттері (кейіпкерлер, объектілер) арасындағы кеңістіктік, себеп-салдарлық байланыстарды аша алмады. Мысалы, Марина К. Әңгімесі (Н. Ю. Борякованың зерттеуі): «Ана қолғап тоқып отыр. Қызы үшін. Әке қызбен кітап оқып отыр. Ал ұл екі доп ойнап жатыр. Кілем үстінде. Ал диванда қонжық отыр». Осы топтағы балалардың үлкен ерекшелігі, ересектердің белгілі бір көмектерінен кейін, балалардың әңгімелері айтарлықтай жақсарды.

Психикалық дамуы тежелген бар балалардың сюжеттік сурет бойынша әңгімелеу төмен деңгейде. Көптеген балалар экспериментатордың максимальды көмегіне қарамастан, суреттің байланысқан сипаттамасын жасай алмады. Көбінесе балалар суретте бейнеленген объектілерді ғана атап өтті. Мысалы, Наташа З. Сурет бойынша әңгіме ( Н.Ю. Борякованың зерттеуі бойынша): «Қыздар-аналар бұл. Мұнда (көрсетеді) ана. Ол қолғапты тігіп отыр. Ал мұнда ұлдар екі (көрсетеді). Мұнда әке және ана. Қонжық отыр» («Отбасы» суреті).

Балалардың бұл тобына тән ерекшелік, жағдайдың мағынасын ашуда маңызы жоқ белгілерді, бөлшектерді байқау. Осы деңгейдегі әңгімелерде ситуативтік ерекшелік байқалады.

Психикалық дамуы тежелген бар балалардың суреті бойынша әңгімелердің бір бөлігі ең төмен, IV деңгейде болды. Тіпті үлкендердің көмегімен де балалар сөз сөйлеу бағдарламасын ұйымдастыра алмады. Сурет олар үшін нұсқаулық талаптарына жауап бермейтін жанама ассоциациялардың пайда болуына түрткі болды. Осы деңгейдегі әңгімелерде қайталаулар,

детальдік сипаттамалар көп. Әңгімелердің бөлігі қысқартылған күйімен ерекшеленеді. Басқа жағдайларда әңгімелердің көлемі қайталануларға, артық бөлшектеуге, кездейсоқ ассоциацияларға байланысты үлкен болды.

Оқуды оқыту сабағында, психологиялық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының байланыс тілін дамыту бойынша түзету-педагогикалық табысты жұмыс істеу үшін, педагог келесі міндеттерді іске асыруы қажет:

- балалардың сөйлеу қарым-қатынасын, сөйлеу коммуникативті дағдыларын бекіту және дамыту;

- байланыстырылған монологтік пікірлерді құру дағдыларын қалыптастыру;

- байланыс сөздерін құрастыруды бақылау және өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту;

- байланысқан толық пікірді құру нормаларын меңгеру (тақырыптық бірлік, оқиғаны жеткізудегі бірізділікті сақтау, әңгіме бөліктер-фрагменттер арасындағы логикалық байланыс, әр фрагменттің аяқталуы, оның хабарлама тақырыбына сәйкестігі және т. б.);

- толық сөйлемдерді жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, балаларды әңгіме-хабарламалардың басты мағынасын бөлуге үйрету;

- туған тілінің нормаларына сәйкес байланысты пікірлерді лексикалық-грамматикалық рәсімдеуге үйрету [5].

Балаларды әдеби шығармамен таныстыру үшін мұғалім оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу үдерісін құру, әдеби шығармаларды қабылдауды әдістемелік сауатты ұйымдастыруы қажет. Әдеби тіл нормаларын меңгерудегі күнделікті жұмыс қана оң нәтиже береді және осы оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуінің мазмұндық және құрылымдық бірлігін қамтамасыз етеді, өз ойын толық жеткізу, олардың ауызша-логикалық ойлауын дамыту көзі болып табылады. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы білім беру мекемелерінде монологтік сөйлеуді дамытуға негізгі назар аударылады: сөйлемдерді дұрыс құру және әр түрлі түрдегі әңгімелеуге үйретеді.

Психикалық дамуы тежелген балаларды оқуды оқыту сабағында монологтік сөйлеуін дамытудың ең тиімді тәсілдері:

1. Көрсетілген іс-әрекеттер бойынша әңгіме – бұл тәсіл мұқият бақылауға, көрген іс-әрекеттердің дәйектілігін есте сақтауға, оларға нақты грамматикалық категорияларды таңдауға үйретеді.

2. Сюжеттік суреттер тізбегіне сүйеніп әңгімені мазмұндау – бұл іскерліктер жоғарыда аталғандардың негізінде қалыптасады. Осы жұмыс әдісін пайдалану кезінде педагог балалардың бейнелі есте сақтау мүмкіндігін, логикалық байланыстар мен қарым-қатынастарды орнату қабілетін ескеруі тиіс.

3. Бір сюжеттік сурет бойынша әңгіме құрастыру – әңгіменің ең қиын түрі. Мұнда үлгінің жоқтығынан пікір айту жоспарын қамтамасыз ету қиынырақ. Мұғалімнің сұрақ-жауап жоспары ғана балаларға баяндау кезеңдерінің бірізділігін қамтамасыз етуге көмектеседі. Үлгінің болмауы өте қиын, бірақ шығармашылық әңгімеге қажетті жұмысты бастауға мүмкіндік береді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Шевченко С.Г. Подготовка к школе детей с задержкой психического развития. – Школьная Пресса, 2003. – 96 с.

2. Шевченко С.Г. Диагностика и коррекция задержки психического развития у детей. – 2-е издание: Аркти, 2004. – 224 с.

3. Сутырина К.С. Развитие связной речи детей с задержкой психического развития // Статья, 27.04.2013.

4. Симкин М.Л., Ланина Е.М. Теоретико-методологический анализ изучения монологической речи младших школьников с задержкой психического развития // Вестник Кемеровского государственного университета. – 2014. – №3 (59). – С. 85-87.

5. Лалаева Р.И., Серебрякова Н.В., Зорина С.В. Нарушения речи и их коррекция у детей с задержкой психического развития. – М. Владос, 2004. – 303 с.

6. Коноваленко В.В., Коноваленко С.В. Развитие связной речи. – М., Гном, 2003. – 104 с.

# МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

### CONTENT

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Е.А. Әбілдің құттықтау сөзі.....	3
Приветственное слово ректора Костанайского государственного педагогического университета имени У. Султангазина, доктора исторических наук, профессора Е.А. Әбіл.....	5
Greeting speech of the Rector of Kostanay state pedagogical university named after O Sultangazin, doctor of historical sciences, professor E.A. Abil.....	6

## 1 СЕКЦИЯ

### БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ CURRENT ISSUES OF THE EDUCATION SYSTEM DEVELOPMENT

<i>Абдулина Г.Б.</i> Развитие учебной самостоятельности будущих техников-программистов на основе интерактивных средств изучения дисциплин профессионального цикла.....	8
<i>Абдыкаликова К.А., Қанезова А.М., Жунаева М.Н.</i> Органикалық заттардың құрылысын анықтауда физика-химиялық әдістерді қолдануға негізделген есептер.....	10
<i>Айгужина Г.З., Омаров А.Р., Темирғалиева С.Е.</i> Роль адаптивной физической культуры в социализации инвалидов и лиц, с отклонениями в состоянии здоровья.....	13
<i>Айтбенова А.А.</i> ICT сабағында CLIL әдісін қолданып тілдік күзiреттiлiктi қалыптастыру.....	16
<i>Алипбаева Г.А., Кабиева А.Н.</i> Психикалық дамуы тежелген кiшi мектеп жасындағы оқушылардың қоршаған орта сабақтарында оқуға деген ынталарын қалыптастыру бойынша түзету жұмысы.....	20
<i>Ахметбекова З.Д.</i> Влияние интернета на развитие толерантности у студенческой молодежи.....	24
<i>Ахметова Э.Б., Баймаганбетова К.Т.</i> География сабақтарында проблемалық оқыту әдістерін қолдану.....	27
<i>Балаканова А.Е.</i> Технология CLIL в преподавании общеобразовательных дисциплин.....	31
<i>Балжанова А.М.</i> Языковое образование в контексте современных образовательных тенденций в Казахстане.....	33
<i>Бекетова А.С., Гринь Л.В.</i> Современные инновации в системе образования.....	37
<i>Бектурганова Р.Ч., Кетебаева К.К.</i> Из опыта работы Костанайского колледжа Зерек по подготовке будущих учителей к исследовательской деятельности на основе информационно-коммуникационных технологий.....	40
<i>Бикенова Г.С., Садақбаева А.А.</i> Төменгі сынып оқушыларын шетел тілінде сөйлеуге үйретуде компьютерлік ойынның тиімділігі.....	44
<i>Брагин Е.А.</i> Изучение миграционных маршрутов и мест зимовок хищных птиц Костанайской области.....	46
<i>Волкова Н.А.</i> Формирование художественно-эстетической компетенции студентов-дизайнеров посредством декоративно-прикладного искусства.....	51
<i>Ерсултанова З.С.</i> Жоғары білім беруде ақпараттық коммуникациялық технологиялардың ролі.....	54
<i>Жандауова Ш.Е., Байтасова А.В.</i> Развитие логического мышления на уроках математики как основа повышения качества образовательного процесса.....	57

<i>Жұмағалиева Б.М., Срайыл Г.І.</i> Комплексометрияның сульфат анионын анықтауда қолданылуы .....	60
<i>Журсиналина Г.С.</i> Дуалды оқыту жүйесі – студенттерді іскерлік жетістігіне жеткізетін құрал.....	64
<i>Казакова О.В.</i> Развитие коммуникативной компетентности студентов в контексте психологического благополучия личности .....	69
<i>Каппасова Ш.Е.</i> Мұғалімнің рефлексивті тәжірибесі – оқыту үрдісін жақсартудың негізі .....	72
<i>Карасартова Ш.К., Алькенова Б.К.</i> Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудағы оқу сауаттылығына дайындаудың жолдары .....	78
<i>Ковальчук Н.В.</i> Воспитание патриотизма через научно-исследовательский подход в обучении истории .....	81
<i>Ковш Н.А.</i> Реализация компетентностного подхода в процессе формирования будущего учителя физической культуры в условиях профессиональной практики .....	83
<i>Кравченко Т.Н.</i> Праздники как форма духовного обогащения учащихся.....	87
<i>Курбаева Г.А.</i> Девиантты мінез-құлықты жеткіншектермен қарым-қатынас тренингтері.....	92
<i>Лопарева Ю.В., Бактығалиева А.К., Усенова Г.Р.</i> Актуальные проблемы в работе с музыкально-одаренными студентами и эффективные методы их обучения.....	95
<i>Мурзағалиева А.А., Валяева Е.А.</i> К вопросу изучения биоразнообразия териофауны севера Костанайской области .....	99
<i>Нурмағамбетова Г.Т.</i> Оқыту технологияларының маңызы .....	101
<i>Нурова А.К., Оспанова Ш.Б.</i> Математика сабағында жеңіл ақыл-ойы кемістігі бар балалардың геометриялық түсініктерін қалыптастыру ерекшеліктері .....	105
<i>Нурова А.К., Қуанышбаева И.Б.</i> Кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың оқуды оқыту сабағында монологтік сөйлеуін дамыту.....	109
<i>Муртазина А.М.</i> Реализация полиязычия в подготовке будущих воспитателей детского сада .....	113
<i>Садақбаева А.А. Бикенова Г.С.</i> Развитие мыслительной деятельности учащихся в рамках обновленного содержания образования .....	114
<i>Сайболова А.А.</i> Эффективность нравственного воспитания посредством уроков русского языка и литературы.....	118
<i>Саулембекова Р.М., Кабдушева А.Ж.</i> Формирование творческого потенциала личности через использование проблемно-поисковых заданий творческого характера.....	122
<i>Севостьянова С.С., Бродельщикова Л.Е.</i> Психолого-педагогическая коррекция эмоциональных нарушений у детей с задержкой психического развития.....	127
<i>Сулейменова Г.М.</i> Интертекстуальные связи в жанре литературной сказки.....	131
<i>Султанбекова А.Ж.</i> Интерактивті әдістің түрлері мен оларды сабақтарда пайдаланудың мүмкіндіктері.....	136
<i>Таурбаева Г.У.</i> Химиядан есептер шығару әдістемесінің кейбір аспектілері.....	139
<i>Ташипекоев Г.А.</i> Вузовское дополнительное образование в Саратовской области.....	143
<i>Ташипекоева А.Т.</i> К вопросу о научно-исследовательской деятельности курсантов и степени вовлеченности в ней научного руководителя.....	145
<i>Тулегенова М.А.</i> Русская периодическая печать конца XIX-начала XX века об организации перевозки крестьян-переселенцев в Казахстан .....	149
<i>Уайсова М.М., Бужинская Н.В., Васева Е.С.</i> Разработка и применение WEB-сайта для организации ежегодного международного конкурса по компьютерной графике.....	153
<i>Хатизов Е.И.</i> Рекомендации по созданию коллекции в этническом стиле .....	158
<i>Черникова А.А.</i> Адаптация учебных мигрантов, обучающихся в российских вузах путем выявления различий в культурных кодах.....	161
<i>Шалатина О.Б., Калинина А.А.</i> Театральное мастерство как один из способов повышения воспитательного потенциала студентов педагогических колледжей .....	164